**Шетел валютасындағы іссапарлар шығыстарын өтеудің нормалары туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. 1998 жылғы 29 қыркүйектегі N 967 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.02.11. N 148 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шет елде қысқа мерзімді іссапарда болатын қызметкерлердің шығыстарын өтеудің нормалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Аталған нормалар 1998 жылдың 1 қазанынан бастап енгізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шет елге іссапарға арнап бөлінген валюта қаражатының жұмсалуына тұрақты бақылау жасасын.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 29 қыркүйектегі
N 967 қаулысымен
бекітілген

**Шет елде қысқа мерзімді іссапарда болатын қызметкерлердің шығыстарын өтеудің нормалары**

*Ескерту. Нормалардың а)-тармақшасы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.12. N 1622* қаулысымен.

| 1 | 2 |
|---|---|

1. Тұрғын үйді жалдауға ақы төлеу (бір адамға тәулігіне):

а) Премьер-Министрдің орынбасарлары, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың және басқа да мемлекеттік органдардың басшылары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, күзетілетін тұлғамен бірге жүрген кезде Қазақстан Республикасының Президенті Күзет — нақты шығыстар бойынша (бірақ бес жұлдызды қонақ үйдің бір орындық стандарттық нөмірінің құнынан артық емес)

қызметінің қызметкерлері үшін

| | |
|---|---|
| б) министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың және басқа да мемлекеттік органдардың басшыларының орынбасарлары: облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің орынбасарлары; департаменттердің, агенттіктердің, орталық атқарушы органдар комитеттерінің және басқа да мемлекеттік органдардың басшылары үшін | нақты шығыстар бойынша (бірақ төрт жұлдызды қонақ үйдің бір орындық стандарттық нөмірінің құнынан артық емес) |
| в) делегация басшылары үшін (осы тармақтың "а" және "б" тармақшаларында аталған адамдардан басқа), делегация мүшелері (жекелеген адамдар) аудармашылар мен ілесіп жүретін адамдар үшін | нақты шығыстар бойынша (бірақ үш жұлдызды қонақ үйдің бір орындық стандарттық нөмірінің құнынан артық емес. |

2. Шет елде қысқа мерзімді іссапарда болатын қызметкерлердің тәуліктік шығыстарын өтеудің нормалары

| | |
|---|---|
| а) АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Италия, Франция, Канада, Жапония елдері бойынша | 70 АҚШ доллары |
| б) Батыс Европа елдері бойынша (осы тармақтың "а" тармақшасында аталған елдерден басқа), сондай-ақ Сингапур, Оңтүстік Корея, Израиль, Австралия | 60 АҚШ доллары |
| в) Шығыс Европа елдері бойынша (бұрынғы социалистік елдер), сондай-ақ Египет, Қытай, БАЭ, ОАР | 50 АҚШ доллары |
| г) басқа елдер бойынша | 40 АҚШ доллары |
| д) ТМД елдері бойынша | 30 АҚШ доллары |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК